



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 250

«21» наурыз 2021 жыл

Абай қаласы

**Абай ауданының
Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігерінің 2021 жылғы
17 наурыздағы № 236
қаулысына өзгерістер
мен толықтырулар енгізу туралы**

Мен, Абай ауданының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Г.Т. Бесбаев, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің 9, 38, 104-баптарына сәйкес Абай ауданында КВИ таралуының алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 қаулысының 18-тармағы негізінде Абай ауданында covid-19 коронавирустық инфекциясына талдау деректерін қарап,
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Абай ауданының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 17 наурыздағы № 236 "Абай ауданында шектеу іс-шараларын күшейту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу (бұдан әрі-қаулы):

1) қаулының 5-тармағына келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс (сенбі және жексенбі күндері) және мереке күндері мынадай шектеу шаралары енгізілсін:

Көтерме және бөлшек сауда, азық-түлік және азық-түлік емес базарлар объектілерінің субъектілеріне:

- жұмыс күндері жұмыс режимін сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін шектей отырып және жексенбі және мереке күндері қызметке тыйым сала отырып, азық-түлік және азық-түлік емес базарлардың (ашық ауада) жұмысын жүзеге асыру»;

- жұмыс күндері жұмыс режимін сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін шектей отырып және сенбі, жексенбі және мереке күндері қызметке тыйым сала отырып, азық-түлік және азық-түлік емес жабық базарлардың жұмысын жүзеге асыру;

- дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9-00-ден 20-00-ге дейін 2000 ш. м. астам азық-түлік емес тауарларды сату бойынша жеке тұрған дүкендердің жұмыс режимін шектеу және сенбі, жексенбі және мереке күндері қызметін тоқтата тұру;

қаулының 24-тармағына келесі редакцияда жазылсын:

Сауда-ойын-сауық орталықтарының, сауда үйлерінің, сауда желілерінің меншік иелері оларда орналасқан ойын-сауық объектілерінің (балалар ойын алаңдары, аттракциондар, түйіспелі хайуанаттар парктері, балалар поездарында сырғанау және т. б.), қоғамдық тамақтану объектілерінің (жеке үй-жайларда орналасқан қоғамдық тамақтану объектілерін, тамақ алып шығуға және жеткізуге арналған фудкорттарды (тамақтану залын ұйымдастырмай және үстелдерді орналастырмай) қызметін жаңғыртпай, бір келушіге 30% - дан аспайтын, кемінде 4 шаршы метр жұмыс уақыты дүйсенбіден жұмаға дейін 9-00-ден 20-00-ге дейін шектеліп, сенбі, жексенбі және мереке күндері қызметін тоқтату.

- 2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
- 3. Осы қаулы қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Абай ауданның
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері

Г. Т. Бесбаев



мөр
орны